

Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 1326 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1277 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.12.05 № 1277 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1 . М ы н а л а р д ы ң :

1) мемлекеттік сатылатын астық ресурстары үшін:
ҚР СТ 1046-2008 (2 кесте - техникалық талаптар) 3-сыныпты жұмсақ бидайдың (*Triticum aestivum* L.) бір тоннасына 28000 (жиырма сегіз мың) теңге (ҚҚС төлушілер үшін) және 25000 (жиырма бес мың) теңге (ҚҚС төлемеушілер үшін) м ө л ш е р і н д е ;

2) мемлекеттік жемдік астық ресурстары үшін:
ГОСТ 28672-90 2-сыныпты арпаның бір тоннасына 20000 (жиырма мың) теңге көлемінде (ҚҚС төлеушілер үшін) және бір тоннаға 17857 (он жеті мың сегіз жүз елу жеті) теңге (ҚҚС төлемеушілерге) мөлшерінде;

3) мемлекеттік тұқым ресурстары үшін:
осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаздық жұмсақ бидай және арпа тұқымдарының репродукциялары мен егіс стандартының сыныптары бойынша с а т ы п а л у б а ғ а с ы б е л г і л е н с і н .

2. «Мемлекеттік астық ресурстарына жеткізілетін астықтың сатып алу бағасын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қазандағы № 1250 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 72-73, ст. 1054-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 9

желтоқсандағы

№ 1326 қаулысына

қосымша

**Жаздық жұмсақ бидайдың және арпаның сорттық
тұқымдарын сатып алу бағасы
(1 тоннаға теңге)**

Дақылдың атауы	I репродукция		II репродукция		III репродукция	
	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып	1-сынып	2-сынып
Бидай	53 650	48 667	50 439	43 500	44 190	41 750
Арпа	47 964	44 100	42 400	40 500	39 200	38 750

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК